



Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №1149992/2025/1

13.11.2025 жылғы

АО "Казакхтелеком" атынан, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын 22.07.2025 жылғы №54 сенімхат, негізінде әрекет ететін Бас директор - жобаларды басқару жөніндегі директор Дөненбай Ғазиз Болатұлы атынан, бір тараптан, және "Вектор AS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, Жарғы, негізінде әрекет ететін Директор АУЕЛБЕКОВ МУХТАР СЕЙТЖАПБАРОВИЧ атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, ал жеке жоғарыда көрсетілгендей «Тарап» деп аталып, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыздағы № 193) «Самұрық-Қазына» Өл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі занды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1149992 негізінде, жұмыстарды сатып алу туралы осы шартты жасасты (бұдан әрі - Шарт) және төмендегі туралы келісімге келді.

Мердігер осы шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет етуші кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйымдардың болмайтынын;
- осы шартқа қол қоярдың алдында барлық өзінің кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және теңестіргенін растайды.

Жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу туралы шарттардың жобалары Өнім берушінің жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің дерекқорына кірген құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдарын және конструкцияларын және олардың индустриалдық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын жеткізушілерді (болған жағдайда) көрсету туралы талаптарды қамтуы тиіс.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Мердігер осы шарттың 1.1-тармағына және №2 қосымшасына сәйкес оған тапсырылған жұмыс көлемін толық орындауға, тараптар шартқа қол қойған күннен бастап жұмыстарды орындауды бастауға және №1 қосымшада көрсетілген мерзімде жұмыстарды орындауды аяқтауға міндеттенеді. Мердігер материалдарының құны орындалған жұмыстардың актілерін тапсыру кезінде жекелеген бағалар каталогындағы материалдардың (бұдан әрі - ЖБК) құнынан аспауы тиіс.

1.3. Жұмыстарды орындау орны шартқа қосымшаларға сәйкес.

1.4. Жұмыстар Мердігердің қарауы бойынша орындалады және тұтастай алғанда, бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, материалдармен, сондай-ақ жабдықпен жұмыстарды материалдық қамтамасыз ету бойынша міндеттемені Мердігер көтереді.

1.5. Мердігер шартқа қол қою арқылы шартты жасау және орындау үшін барлық қажетті өкілеттіктері, ресурстары және рұқсат құжаттары бар екенін растайды.

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 15232000.00 (он бес миллион екі жүз отыз екі мың) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Тапсырыс беруші тиісті кезең үшін орындалған жұмыстар актілерінің және олардың құнының негізінде Тараптар қол қойған 2В және КС-3 нысаны бойынша Веб-порталда Тапсырыс беруші растаушы құжаттарды (ЭФШ және Р-1) қоса бере отырып, орындалған жұмыстар актісін бекіткен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Өнім берушімен есеп айырысады және Мердігерге тиесілі әр төлемнен орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнының 10 % (ҚҚС-пен) ұстайды.

2.3.2. Төлемге орындалған жұмыстардың құнынан 90 % аспайтыны жатады, қалған 10 % (ҚҚС-пен) объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойғаннан кейін және белгіленген тәртіпте рәсімделген объектіні пайдалануға қабылдау актісінің негізінде анықталған ақаулар мен кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, жұмыстарды толық аяқтағаннан кейін Тапсырыс беруші Веб-порталда елішілік құндылық бойынша есепті бекіткеннен кейін төлейді.

2.4. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы





орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

2.4.2. Орындалған жұмыстарға арналған шот-фактуралар;

2.4.3. Орындалған жұмыстардың актілері (актілері). Тапсырыс беруші Веб порталда орындалған жұмыстар актісіне (Р-1 нысан) қол қойған күн орындалған жұмыстар актісін (актілерін) ұсынған күн болып есептеледі.

2.4.4. КС-3 нысанындағы орындалған жұмыстардың құны мен шығындарының анықтамасы (осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда, осы тармақ қолданылады);

2.4.5. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі (түпкілікті есептеу кезінде) (осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады);

2.4.6. Сәйкестік туралы декларация (түпкілікті есептеу кезінде) (осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады);

2.4.7. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар (түпкілікті есептеу кезінде) (Осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады);

2.4.8. Орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар (түпкілікті есептеу кезінде) (Осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады);

2.4.9. Салынған объектіні қабылдауға дайындық туралы қабылдау комиссиясының қорытындысы (түпкілікті есептеу кезінде) (Осы талап сатып алу шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

2.5. Тапсырыс беруші акті бойынша орындалған жұмыстар көлемінен 10% (ҚҚС-пен) сақтайды, ол анықталған ақауларды және кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, жұмыстар толық аяқталғаннан кейін, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қоя отырып, сенімді атқарушылық құжатты ұсынғаннан кейін және Веб-порталда елішілік құндылық есебін ұсынғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес төленеді.

Тапсырыс беруші тараптар қол қойған орындалған жұмыстар актісінің негізінде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде нақты орындалған көлемдер үшін акт бойынша орындалған көлемдерден 10 % (ҚҚС-пен) сақтай отырып, аралық төлемді (ҚҚС-пен) жүргізеді. Төлемге шарт бағасының 90% (ҚҚС-пен) аспайтыны жатады. Тапсырыс беруші ескертулерді анықтау/жою туралы хаттаманы ұсына отырып, анықталған ақауларды және кемшіліктерді жоюды қоса алғанда, жұмыстарды толық аяқтағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей орындалған жұмыстар үшін 10 % мөлшерінде түпкілікті есепті жүргізеді.

2.6. Жұмыстардың құны Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға байланысты, өз міндеттемелерін орындауға байланысты туындайтын барлық шығыстар және төлемдер кіретін сметалық есеппен анықталады. Бұл ретте, Тапсырыс беруші бекіткен шарт бағасының ведомосіне және сметалық құжаттамаға сәйкес төлем нақты орындалған жұмыстар көлеміне төленеді.

2.7. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.8. Төлем жасауға арналған құжаттар ұсынылмаған/уақытылы ұсынылмаған/тиісті түрде ресімделмеген жағдайда, Тапсырыс беруші төлемнің мерзімін кешіктіргені үшін жауапкершілік көтермейді.

2.9. ҚҚС салық мөлшерлемесі бойынша салық міндеттемесінің туындауына және Мердігердің шот - фактураны ұсынуына қарай төленеді (Егер контрагент ҚР резиденті болған жағдайда, осы тармақ қолданылады).

2.10. Шарт бойынша төлемдер сомасы ҚР заңнамасына сәйкес бейрезиденттің кірістерінен ұсталуға жататын салықтар сомасына азаяды. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіден ҚР Заңнамасы бойынша салықтың ұсталғанын растайтын құжатты алуға құқылы. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция болған кезде, Мердігер Тапсырыс беруші елінің тиісті мемлекеттік органдарына ҚР бейрезидент заңды тұлғалардан табыс салығын қайтару немесе азайту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы. Бұл ретте ҚР бейрезиденті (Мердігердің атауы) (Мердігердің резиденттік елін көрсету) табыстың түпкілікті алушысы болып табылатынын растайды. Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасы мен (резиденттік елін көрсетіңіз) арасындағы Конвенцияны (бұдан әрі - Конвенция) қолдану мақсатында Мердігер:

- табыс төленгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес апостильденген не заңдастырылған салықтық резиденттік туралы анықтама (түпнұсқа/ нотариалды куәландырылған көшірме);

- бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, нотариалды куәландырылған (құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмелер, сондай-ақ MLI (Multilateral Convention to Implement Tax Treaty Related Measures to Prevent Base Erosion and Profit Shifting) қолдану үшін қажетті қосымша мәліметтер. Бейрезидентте шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де ұқсас құжатта) тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда, мұндай бейрезидент салық агентіне осы бейрезидент тіркелген, құқықтық күші (заңды) шетелдің тиісті мемлекеттік органымен расталған бейрезидентті құру үшін негіз болып табылған шетел мемлекетінің құжатын (актісін) ұсынады.





- Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеменің құрылуына әкелетін кез келген жүйелі 12 айлық кезең шегінде жалпы 183 күнтізбелік күннен аспайтын кезең немесе кезең ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс көрсетпейтіні және/немесе орындамайтыны туралы растау-хат. Мердігер қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының салық резиденттері болып табылмайтын жұмыскерлердің немесе Мердігердің басқа да жалданған персоналының кез келген жүйелі он екі айлық кезең шегінде жиынтығында күнтізбелік жүз сексен үш күннен артық Қазақстан Республикасының аумағында болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Мердігер Конвенцияны заңды қолдану үшін талаптарды бұзған немесе сақтамаған жағдайда, мұндай бұзушылық фактісін Қазақстан Республикасының салық органы белгілейді немесе мұндай бұзушылық тәуекелі аудиторлық компанияның қорытындысы негізінде айқын (жоғары ықтимал) болады, соның салдарынан Тапсырыс беруші салық агенті ретінде Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен тиісті салықты төлеуге міндетті болады, Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге Тапсырыс берушінің ақы төлеуіне байланысты Қазақстан Республикасындағы көздерден бейрезиденттердің кірістерінен Тапсырыс беруші нақты төлеген салық сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді. (бұл тармақ ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда қолданылады).

2.11. Тапсырыс беруші елінің аумағында шартты және басқа да ілеспе құжаттарды орындау кезінде туындайтын банк шығыстарын Тапсырыс беруші төлейді, Тапсырыс беруші елінің аумағынан тыс - төлем алушы төлейді (егер ҚР бейрезиденті контрагент болған жағдайда, осы тармақ қолданылады).

2.12. Төлем осы Шартта көрсетілген банктік деректемелер бойынша жүргізілетін болады.

2.13. «Мемқалақұрылысыкадастры» РМК филиалдарының МҚК ААЖ-ге (мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматты ақпараттық жүйесі) енгізу үшін атқарушылық түсірілім және топографиялық-геодезиялық материалдарды ұсыну бойынша шығыстар ҚМЖ ұйымдастыру және басқару бойынша жалпы алаңдық шығыстарда ескерілді.

2.14. Шартқа және оған берілетін қосымшаларға сәйкес өз міндеттемелерін орындауға байланысты Мердігер шегетін барлық шығыстар мен төлемдер шарт бағасына кіретін және онымен жабылатын ретінде қаралады және қабылданады. Жобадағы өзгерістерге байланысты Мердігердің ведомосінде көзделмеген шығындар болған жағдайда, Мердігер материалдарды және жабдықты сатып алу туралы растаушы құжаттарды, сондай-ақ қосалқы мердігерлік ұйымдарды тарту кезінде орындалған жұмыстар актілерін ұсынуға міндеттенеді. Ол бойынша нақты есеп шарт бағасының шеңберінде жүргізіледі.

2.15. Құрылыстың температуралық аймағының климаттық жағдайына байланысты, Мердігердің шығындары орташа жылдық болып табылады және бұл шығындар шарт бағасының ведомосінде ескерілген болса, жыл мезгілінен тәуелсіз төленеді.

2.16. Шартта көрсетілген сома шекті болып табылады және ұлғаю жағына қарай түзетіле алмайды. Жоба құны азайған жағдайда, ШБВ (шарт бағасының ведомосі) ҚМЖ сомасына қалыптастырылуы тиіс және Мердігер шарт құны мен ШБВ (шарт бағасының ведомосі) арасындағы айырмашылыққа таласпауы тиіс.

3. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары, көлемі мен орны осы шартқа қосымшаларда айқындалады.

3.2. Тапсырыс беруші 2В, КС-3 нысаны бойынша тиісті кезең үшін орындалған жұмыстар актілеріне және олардың құнына және шартқа қосымшаға сәйкес Веб-порталда Тапсырыс берушімен бекітілген орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша жұмыстар қабылданады. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс беруші түпкілікті орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күн саналады.

3.3. Мердігер барлық мүмкін құрылыс тәуекелдерін, оның ішінде жұмыстардың кездейсоқ қымбаттау тәуекелін өзіне қабылдайды. Тапсырыс берушіге зиян келтірілген жағдайда, Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтейді.

3.4. Жұмыс Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте жұмыстарды толық тапсырған жағдайда орындалды деп есептеледі.

3.5. Қосалқы мердігерлермен шарттар Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен жасалады. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстарды тартылған қосалқы мердігерлер тиісінше және сапалы орындағаны үшін Тапсырыс беруші алдында жауапкершілік көтеруге міндеттенеді. Тапсырылған жұмыстар шеңберінде олардың қызметін бақылауды жүзеге асырады және үйлестіреді. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді және мердігерді осы Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

3.6. Мердігер жұмыстарды орындау барысында үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін жауапкершілік көтереді.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Алынған, бекітілген және келісілген ЖСҚ-ға, шарттық бағаға, құрылыс нормалары мен қағидаларға сәйкес көлемде және мерзімдерде (1.2-тармақ 6-бөлім) жұмыстарды тиісті түрде, сондай-ақ шартта және оған берілген қосымшаларда көзделген талаптарда толық көлемде объектіні пайдалануға қабылдау актісі бойынша Тапсырыс берушіге тапсырылған жұмыстарды беруге (объектінің немесе жұмыстың тапсырылған бөлігі);

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін





толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы құнының 1 % мөлшерінде ішінде Банк кепілдігі түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.3. Банк кепілдігі мына ақпаратты қамтуы тиіс:

4.1.3.1. Банк кепілдігінің түрі (шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі).

4.1.3.2. Банктің атауы.

4.1.3.3. Банк кепілдігінің нөмірі (кепілдік міндеттеме).

4.1.3.4. Банк кепілдігінің күні.

4.1.3.5. Өнім берушінің атауы.

4.1.3.6. Шарттың нөмірі мен күні.

4.1.3.7. Шарттың мәні.

4.1.3.8. Банк кепілдігінің сомасы.

4.1.3.9. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі.

4.1.4. Тәртіпке сәйкес индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және олардың жеткізушілерінің дерекқорларына кіретін, жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада құрылыс материалдарын, жабдықтарын, бұйымдарын және конструкцияларын көрсету.

4.1.5. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге;

Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

4.1.6. Тапсырыс берушіге объектіні пайдалануға қабылдау актісімен шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап, 10 күнтізбелік күн ішінде ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

4.1.7. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшіліктерді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.8. Өзірленген ЖСҚ бойынша ескертулер (қателер, ҚНЖЕ, МЕМСТ сәйкес келмеуі) болған кезде, Мердігер оларды Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоюға міндеттенеді.

4.1.9. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Мердігер тартқан адамдарды қоспағанда, шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғаларға ұсынылған ақпаратты ешкімге жария етпеуге. Аталған тұлғалар үшін ақпарат құпия түрде және шартта көзделген міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада берілуі тиіс.

4.1.10. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.11. Объектіні тұтастай қорғауға жауапкершілік көтеру.

4.1.12. Құрылыстың барлық кезеңіне арналған жобалық шешімге сәйкес келуіне авторлық қадағалауды жүзеге асыру. Авторлық қадағалау журналын жүргізу, сондай-ақ авторлық қадағалау журналына енгізілген нұсқаулардың уақтылы және сапалы орындалуын қадағалау.

4.1.13. Құрылыс процесінде орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының жұмыс құжаттамасында көзделген жобалық шешімдерге және құрылыс-монтаждау жұмыстарының бекітілген сметалық құнына сәйкестігін тексеру.





4.1.14. ТОВЖ сақталуын, материалдық ресурстарды үнемді жұмсауды, еңбек шығындарын азайтуды, пайдалану үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін заманауи технологияларды қолдана отырып, жобалау шешімдеріне сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету.

4.1.15. Қауіпсіздік, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бекітілген нормалардың сақталуын бақылау. Құрылыс алаңын және оған іргелес аумақты күтіп-ұстауға және тазалауға жауапты болу.

4.1.16. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.17. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.18. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.19. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастамас бұрын: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытылған және сертификатталған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасын сақтауға жауапты тұлғаларды бұйрықпен тағайындау., электр қауіпсіздігі, биіктікте жұмыс істеу/өрмелеу жұмыстары, өрт-техникалық минимум / өрт қауіпсіздігі, жүк көтергіш машиналар мен механизмдерді орнатуға және қауіпсіз пайдалануға жауапты адамдарды бұйрықпен тағайындауға.

4.1.20. Тапсырыс берушіге бұйрық пен сертификаттардың көшірмесін ұсынуға.

4.1.21. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.22. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.23. Құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды беруге.

4.1.24. Актілер жасай отырып, арнайы және жасырын жұмыстарды жүргізу кезінде, сондай-ақ кабельдерді электрлік өлшеуді және жабдықтар мен жүйелерді іске қосу-баптауды орындау кезінде Тапсырыс беруші мен пайдаланушы ұйымның техникалық қадағалауын тарту. Тапсырыс берушінің техникалық қадағалауымен анықталған технологияның бұзылуын немесе жобадан ауытқуын жұмыс жүргізу процесінде мердігер 3 (үш) жұмыс күні ішінде жоюға міндетті.

4.1.25. Тапсырыс берушіге орындалған жұмыс көлемінің тиісті түрде ресімделген анықтамаларын, орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін және олардың құнын 2в және КС-3 нысаны бойынша, АВС бағдарламалық кешенінің бастапқы деректерін Microsoft Word форматында (пайдаланылатын материалдарға шот-фактураларды және СТ-KZ сертификатын ұсына отырып) есепті айдың 20 (жиырма) дейінгі мерзімде тексеруге және келісуге ұсынуға.

4.1.26. Құрылыс алаңына жобалау-сметалық құжаттамаға, Қазақстан Республикасының сапа және сертификаттау стандарттарына сәйкес келетін қажетті материалдарды, жабдықтарды, конструкцияларды, жиынтықтаушы бұйымдарды, құрылыс тетіктерін, сондай-ақ жаңа, пайдаланылмаған материалдарды жеткізу. Мердігер жеткізетін барлық материалдарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыруға жауапты. Жеткізу тек Мердігердің атына жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда Тапсырыс беруші Көлік құралдарын жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және тоқтап қалуға байланысты шығындар үшін жауапкершілік көтермеуі керек. Ешқандай жеткізілім Тапсырыс берушіге жіберілмеуі керек.

4.1.27. Тапсырыс берушіге залал келтіргенде, Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеу. Мердігер қоршалған құрылыс алаңының аумағында материалдар мен жабдықтардың, техниканың және басқа да мүліктің кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ зақымдану қаупін өзіне алады, сондай-ақ Тапсырыс беруші оны қабылдағанға дейін (егер сатып алу шарттарында көзделсе) орындалған жұмыстың нәтижелері үшін жауапкершілік көтереді.

4.1.28. Материалдардың, жабдықтардың немесе ЖСҚ-ның жарамсыздығы немесе сапасыздығы, Тапсырыс беруші үшін жұмысты орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдары және орындалатын жұмыстың тиісті сапасына зиян келтіруі не оны шартта белгіленген мерзімде аяқтау мүмкін болмайтын өзге де мердігерге тәуелді емес жағдайлар анықталған





кезде және Тапсырыс берушіден орындалатын жұмыстың тиісті сапасына зиян келтіруі мүмкін құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұру (егер сатып алу шарттарында көзделсе).

4.1.29. Мердігер Тапсырыс берушіге осы шартты жасауға және орындауға байланысты бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттамаларға мерзімді аудит (тексеру) жүргізуге мүмкіндік беруге міндеттенеді.

4.1.30. Жұмыстардағы елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылығы бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда, Мердігер тәртіпке және шартқа сәйкес жауапкершілік көтереді.

4.1.31. Осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға.

4.1.32. Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша орындалған жұмыстар актісі бойынша орындалған жұмыстарды тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электрондық фактура шот жазып беруге (Егер сатып алу шарттарында және/немесе тәртіпте өзге тәртіп белгіленбеген жағдайда, осы тармақ қолданылады).

4.1.33. Жұмыстардың орындалу барысын бәсеңдететін немесе жұмыстардың одан әрі орындалуын мүмкін етпейтін жағдайлар туындаған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіге дереу хабарлауға.

4.1.34. Құрылыс алаңын және оған іргелес көше белдеуін күтіп-ұстауға және тазалауға жауапкершілік көтеру. Пайдаланылатын жер учаскелерінің жабындарын жоспарлауды және қалпына келтіруді орындау. Ғимараттарда және оларға іргелес учаскелерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезінде этикет ережелерін сақтауға, ал жұмыстар аяқталғаннан кейін тазалық пен тәртіпті сақтауға міндетті.

4.1.35. Орындалатын жұмыстардың кездейсоқ қымбаттау қауіпін көтеру. Мердігер орындалған жұмыстарды қорғауды және шартты орындауға байланысты барлық материалдарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырмен, су тасқынымен, аязмен, өртпен, ұрлықпен және өзге де себептермен байланысты жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мердігер шеккен барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

4.1.36. Дайын объектіні Тапсырыс берушіге шартта белгіленген мерзімде тапсыруға және объект бойынша қажетті атқарушылық құжаттаманы 2 данада және электрондық тасығышта ұсынуға міндетті.

4.1.37. Жабдықтар мен материалдарды сатып алмас бұрын, осы жұмыс жобасында қолданылатын жабдықтар мен материалдардың түрін Тапсырыс берушімен келісу міндетті болып табылады.

4.1.38. Тапсырыс берушіге оның сұрауы бойынша жұмыстардың орындалу барысы туралы ақпарат беруге.

4.1.39. Өз есебінен сол материалдарды немесе олардың бөліктерін жөндеуге не қайта жасауға, не ауыстыруға немесе Тапсырыс беруші қолайсыз деп таныған жұмыстардың бір бөлігін қайта жасауға.

4.1.40. Осы шартты жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдар мен жабдықтарды қолдануға. Мердігердің жабдықтары жаңа немесе жақсы жағдайда болуы керек, сондай-ақ жұмыс шартта көрсетілген мерзімде толық орындалуы үшін осындай қуат пен дизайнда болуы керек. Мердігердің барлық жабдықтары заманауи және жұмыстарды қауіпсіз және тиімді орындау үшін жарамды болуы керек. Барлық осындай жабдықты Тапсырыс берушінің өкілі мезгіл-мезгіл тексеруі тиіс. Қауіпті жағдайда деп танылған кез келген осындай жабдықты Мердігер жұмыс жүргізілетін жерден дереу алып тастауы және Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз және жұмыстардың аяқталуын кешіктірмей ауыстыруы немесе жөндеуі тиіс.

4.1.41. Жұмыс кезеңін немесе жұмыстардың толық көлемін орындау аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге: ҚНЖЕ мен Тапсырыс берушінің талаптарында көзделген көлемде атқарушылық құжаттаманы, құрылыс материалдарын зертханалық сынау хаттамасын, материалдар мен жабдыққа сәйкестік сертификаттарын және дайын өнімнің паспортын ұсыну. Құрылыс аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге шартта көзделген кепілді кезеңге орындалған жұмыстардың сапасына кепілдік беру талаптарын және барлық кемшіліктерді, ақауларды жою тәртібін қамтитын кепілдік хат ұсынуға.

4.1.42. Қоршалған құрылыс алаңының аумағында объектіні, материалдарды, жабдықтарды, құрылыс техникасын және басқа да мүлікті құрылыс басталғаннан бастап оны аяқтағанға дейін және объектіні тапсырғанға дейін күзетуді жүзеге асыруға.

4.1.43. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оған тиесілі құрылыс машиналары мен механизмдерді, көлік құралдары және басқа да мүліктерді құрылыс алаңынан тыс жерге шығаруға.

4.1.44. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастамас бұрын Мердігер Тапсырыс берушіге және техникалық қадағалау өкіліне пайдаланылатын материалдарға сапа сертификатын ұсынады.

4.1.45. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізер алдында Мердігер Тапсырыс берушіге осы объектідегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді сақтауға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынуы қажет.

4.1.46. Мердігердің өзіне алған жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті көлемде керек электрондық аспаптар мен мамандандырылған техника паркі болуы міндетті.

4.1.47. Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстары барысында бөгде ұйымдармен барлық келісімдерді қамтамасыз етуге.

4.1.48. Мердігер жұмыстарды орындауды бастамас бұрын Тапсырыс берушіге құрылыс-монтаждау жұмыстарын хабарлау және талон





алу үшін құжаттаманы ұсынуы қажет. Мердігер жұмысты бастамас бұрын жергілікті атқарушы органдарға құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы ресми түрде хабарлауы қажет.

4.1.49. Мердігердің Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы шартты немесе оның кез келген бөлігін үшінші тұлғаға беруге, қайта ресімдеуге немесе беруге құқығы жоқ. Мұндай келісімнен негізсіз бас тартуға болмайды, бірақ ол берілген жағдайда Мердігерді осы шарт бойынша кез келген жауапкершіліктен немесе міндеттен босатпайды. Бұдан басқа, Мердігер жұмыстарды сапалы, тиісінше және уақтылы орындауға және мұндай қайта тапсыру болмағандай осы шарттың ережелерін барлық жағынан орындауға жауапты болуға және жалғыз болып қалуға міндетті.

4.1.50. Шартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер жұмыс алаңында болатын өз қызметкерлері туралы жазбаша нысанда ақпарат беруі тиіс (әрқайсысының атын жаза отырып). Бұл рәсім кез келген адамды ауыстырғанда қайталануы керек.

4.1.51. Мердігер осы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді орындаудан толық немесе ішінара бас тартқан сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіге жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

4.1.52. Жобалық құжаттамадан және ҚНЖЕ-ден ауытқулар анықталған кезде жазбаша ұйғарым беруге.

4.1.53. Жұмыс жүргізу журналына құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысы мен сапасына қатысты ескертулер енгізуге.

4.1.54. Жобалау-сметалық құжаттамадан кез келген ауытқуларды Тапсырыс беруші бекітуі және келісуі тиіс.

4.1.55. Мердігер шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті барлық ресурстар мен рұқсаттардың бар екеніне кепілдік береді. Бұл ретте, үшінші тұлғалар авторлық және заңмен қорғалатын өзге де құқықтардың бұзылуына байланысты талаптар қойған жағдайда, орындаушы авторлық құқық және бағдарламалық қамтамасыз етуді, лицензиялар мен жабдықтарды пайдалану мәселелерінде кез келген ұсынушының алдында өз күшімен және қаражатымен (толық мөлшерде, оның ішінде залалдарды, айыппұлдарды және өзге де төлемдерді тұрақсыздық айыбын өтеуге) жауапкершілік көтереді. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша өтініштер туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші барлық қолда бар ақпаратты sequoia0555@gmail.com поштасына жібереді. Сондай-ақ, Мердігер Тапсырыс берушіге осы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін пайдаланылатын жабдықтар мен лицензиялардың үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатылуына кепілдік береді.

4.1.56. "Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кестесі" №6 қосымшаға сәйкес жұмыстарды орындау мерзімдерін сақтауға.

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қояды талап ету.

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шартты орындауды қамтамасыз етуді уақыты қайтаруды талап етуге;

4.2.5. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.8. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.9. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 64-8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Тапсырыс беруші сараптамалық қорытындының қорытындыларында айтылған шарттарды (талаптарды) орындамаған кезде бұрын берілген оң қорытындыны кері қайтарып алуға.

4.2.10. Осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерге шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды қамтамасыз етуге.

4.3.5. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін





өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабарлар етуге;

4.3.6. Ол белгілеген мерзімде ведомстводан тыс сараптамадан өту кезінде, Орындаушының сұрау салуы бойынша ЖСҚ бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ұсынуға;

4.3.7. Ведомстводан тыс сараптамадан өту кезінде жеке кабинет арқылы ЖСҚ бойынша сараптамалық жұмыстардың барысына тұрақты (күн сайынғы) мониторингті қамтамасыз етуге;

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Ескертулер болған жағдайда, орындалған жұмыстар актісіне (-леріне)/объектіні пайдалануға қабылдау актісіне, олар толық жойылғанға дейін қол қоюдан бас тартуға.

4.4.8. Осы шартта белгіленген көлемде, мерзімде және сапада жұмыстарды орындауды талап етуге.

4.4.9. Жоба, ҚНЖЕ, №6 қосымшаға сәйкес құрылыс мерзімдері бұзылған, сондай-ақ осы шартқа басқа қосымшалар сақталмаған объектіні салған жағдайда, Тапсырыс беруші құрылысты тоқтата тұруға, қаржыландыруды тоқтатуға немесе шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

4.4.10. Тапсырыс берушінің пікірінше, қабілетсіз немесе тәртіпсіз жұмысшылар мен инженерлік-техникалық жұмысшыларының кез келгенін жазбаша хабарлама бере отырып, жұмыстан дереу шеттетуді талап етуге құқығы бар.

4.4.11. Осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.4.12. Тапсырыс беруші Өнім берушінің / қосалқы мердігердің міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған жұмыстарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілі жұмыстарды қарау жолымен және осы шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған жұмыстардың лайықсыз көлемі мен сапасының мәселелері бойынша шағым Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктер, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілімен анықталмайтын кемшіліктер (жасырын ақаулар) анықталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберіледі. Егер Мердігер Тапсырыс берушінің хабарламасына 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай хабарламамен Мердігер келіскен болып есептеледі және Мердігер хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген барлық ескертулер мен кемшіліктерді өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен жоюға міндеттенеді. Хабарламада міндетті тәртіпте орындалған сараптамалық жұмыстарда кемшіліктерді жою бойынша талаптарды ары қарай қою мүмкіндігі көрсетіледі.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігерге жұмыстардың тиісті көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

5.5. Жұмыстар аяқталғанға дейін 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Мердігер орындалған жұмыстарды Мердігер атынан тапсыруға жауапты адамды көрсете отырып, орындалған жұмыстарды қабылдауға дайындау туралы Тапсырыс берушіге хабарлау қажет.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес жұмыс сапасына кепілдік береді. Мердігер осы шарт бойынша





орындалған жұмыстар Тапсырыс беруші жұмысты қалыпты пайдаланған кезде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен байланысты ақаулардың болмауына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған жұмыстар актісіне/ объектіні пайдалануға қабылдау актісіне (егер сатып алу шарттарында көзделген болса) қол қойылған күннен бастап 24 (двадцать четыре) ай ішінде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде жұмыстардағы ақаулар немесе олардың шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Мердігер өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстағы ақауларды жоюдың кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстағы ақауларды жою бойынша барлық шығындарды мердігер көтереді.

6.4. Егер жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс мердігердің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Егер заң актілерінде немесе олар белгілеген тәртіпте шарт бойынша орындалатын жұмысқа қойылатын міндетті талаптар көзделсе, мердігер жұмысты осы міндетті талаптарды сақтай отырып орындауға міндетті.

6.6. Анықталған ақауларды тіркейтін актіні жасауға қатысу, оларды жою тәртібі мен мерзімдерін келісу үшін Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өз өкілін жіберуге міндетті. Бұл жағдайда кепілдік мерзімі ақауларды жою кезеңіне ұзартылады.

6.7. Мердігер анықталған ақаулар мен кемшіліктер актісін жасаудан немесе оған қол қояудан бас тартқан кезде (оларды растау үшін) Тапсырыс беруші білікті сараптама тағайындайды, оның нәтижелері бойынша анықталған ақаулар мен кемшіліктерді және олардың сипатын тіркейтін акт жасалады (Егер осы талап сатып алу тәртібінде / шарттарында көзделген жағдайда осы тармақ қолданылады).

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер оны мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікті көтереді.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы сомасының (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.4. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ @Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге міндетті. @

